



МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ

№34
(2205)
Сенбі
20 сәуір
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МЕЙРАМБЕК ШЕРМАҒАНБЕТ: ӘРБІР БЕРІЛГЕН ТАПСЫРМАДАН ОҢ НӘТИЖЕ ШЫҒУЫ ТИІС

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Мәжілісте бірқатар маңызды мәселелер талқыланып, олардың орындалуы сөз болды.

Жиынды бастамас бұрын аудан басшысы алдымен орын алып жатқан кадрлық өзгерістерге тоқталды.

- Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының 2024 жылғы 10 сәуірдегі №14 бұйрығымен Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы болып Ибраимов Мейрамбек Мұхтарұлы тағайындалды.

С о н д а й - а қ «Азаматтарға арналған үкімет Мемлекеттік корпорациясы» Қызылорда облысы бойынша филиалы директорының бұйрығымен Түктібаев Асылхан Өмірзақұлы Қызылорда облысындағы филиалының Қазалы аудандық бөлім басшысы лауазымына тағайындалды. Бұл бөлім қайта құрылып, біріктірілді. Мекеменің қарамағына Зейнетақы төлеу, Халыққа қызмет көрсету орталығы мен мүліктерді тіркеу, жер кадастры бойынша жұмыстар қарайды, - деген аудан әкімі жаңа басшылардың қызметіне сәттілік тіледі.

Мұнан соң аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Әліби Әбиев аппарат мәжілісінің күн тәртібіндегі бірінші мәселе – салық салу базасын ұлғайту және бюджетке қосымша кіріс көздерін қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде хабарлама жасады.

Осы орайда аудан әкімі ауылдық округ әкімдерімен бөлім басшыларына аудандық кірістер басқармасымен бірлесе отыра бірінші кезекте кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыссыздықты азайтып, салық базасын ұлғайту мәселесі бойынша жүйелі жұмыс істеуді

тапсырды. Сондай-ақ осы жұмыстарды жандандыру мақсатында құрылған арнайы жұмысшы топтың жұмысын күшейтіп, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында сыртта жүрген кәсіпкер жерлестерді жергілікті жерге тіркету бойынша жұмыстардың атқарылу керектігін ескертті.

Мәжілістің күн тәртібіндегі екінші мәселе - жергілікті тұрғындардың шамадан тыс төрт түлік малдарын қоғамдық, жайылымдық жерге жүктеме түсірмеу үшін елді мекеннен тысқары жерлерге шығару, олардың егістік алқаптарына түсуін алдын-алу үшін тұрғындар мен шаруа қожалық басшыларымен бірлесіп түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, пада, кезек ұйымдастыру жұмыстарына қатысты - аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов баяндады.

Бұл бойынша да аудан әкімі малдарды ауыл-аймақтан тысқары жерлерге шығару, мал бастарын тіркеу тапсырмалары тек қағаз жүзінде қалып отырғандығын ескертіп, округ әкімдеріне нәтижелі жұмыс көрсету керектігін жеткізді.

Мәжіліс соңында аудан әкімі күн тәртібінен түспейтін көктемгі санитарлық -тазалық мәселесіне де тоқталып өтті. Осы орайда Мемлекет басшысының бастамасымен еліміз бойынша жүзеге асып жатқан тазалық акциясына белсене атсалысып, туған жердің тазалығына аудан тұрғындарымен бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Сонымен қатар, Әйтеке би кентіндегі 7 аймақ бойынша жүргізіліп жатқан тазалық жұмыстарындағы кемшіліктерге тоқталып, аталған кемшіліктерді қалпына келтіріп, дереу тазалық жұмыстарын жүйелі жүргізуді тапсырды.

АУДАН БАСШЫСЫ ЖЕРГІЛІКТІ БАҚ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Бүгінде қоғамда баспасөз бентележурналистика, әлеуметтік желілер мен ақпараттық сайттар заман талабына сай түрленіп, қоғамға қажетті маңызды ақпараттарды халыққа таратуда үлкен рөл атқарып келеді.

Осыған орай аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет жергілікті БАҚ өкілдерімен кездесу өткізіп, пікір алмасты.

Кездесу барысында аудан басшысы журналистер қауымымен елімізде жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат пен елдің игілігі үшін істеліп жатқан жобаларды халыққа насихаттау бағытында сөз қозғап, БАҚ-тардағы және интернет ресурстарындағы өңірімізге қатысты өзекті мәселелерді талқылады.

Аудан әкімі бүгінде аудандағы барлық сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға әсіресе, Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында жүргізіліп жатқан тазалық жұмыстарына тоқталып, бұл толымды тіршіліктің барлығын халыққа дұрыс насихаттау бағытында бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Кездесу соңында БАҚ өкілдері де бұл мәселелерге қатысты өз ойларын жеткізіп, елдің игілігіне бағытталған істерде, татулықты нығайтуда билік пен халық арасында алтын көпір болып, әрі қарай да бірлесе жұмыс істейтіндіктерін жеткізді.

АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТКЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезектен тыс XIX сессиясы болып өтті. Аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліштің төрағалығымен өткен сессия жұмысына аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, аудан әкімінің орынбасарлары, облыстық бағыныстағы басқарма басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері мен әкімдікке қарасты дербес бөлім басшылары қатысты.

Сессияның күн тәртібінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы кезекті XI сессиясының №128 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе қаралып, бұл бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Әліби Әбиев хабарлама жасады.

Сессия барысында аудан әкімі аудандық мәслихаттың депутаттарын облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес салық базасын ұлғайту жұмыстарына өз үлестерін қосуға, осы бағытта құрылған арнайы жұмысшы топтың жұмысын жандандыруды және бұл жұмыстарды

бірлесе атқаруға шақырды.

Сонымен қатар, ең алдымен аудан орталығы – Әйтеке би кентін абаттандыру, көркейту, көгалдандыру, кенттің сәулеттік келбетін қалыптастыру бағытында қаржы қарастырып, үнемделген қаржыларды осы жұмыстарға бағыттау керектігін жеткізді.

Аудан басшысы мұнымен қатар, еліміздегі су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға қолдау көрсетіп, жанашырлық танытқан елазаматтарына алғысын жеткізді. Сондай-ақ, халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлының 250 жылдығына орай алдағы уақытта комиссия отырысын өткізуді жеделдетіп, мерейтойды жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Сессияда Жанқожа баба ескерткішінің тұғыры мен абаттандыруға 100 млн.тг бөлінді.

Сессия барысында бірқатар депутаттар Әйтеке би кентінің шет аймақтарын абаттандыру және басқа да мәселелер бойынша өз ұсыныстарын жеткізді.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІҢ ТАРЛАНЫ БОЛАТЫН



Қоғамдық тәртіпті сақтау жолында қажырлы еңбек етіп, өмірден өткен алдыңғы толқын ағалар баршылық.

Солардың бірі- көптеген пагон таққан жастарды тәрбиелеген соғыс және ішкі істер қызметінің ардагері Мусаев Әбдікемал аға.

Мен 1972 жылы милиция қызметіне кіргенімде ол кісі ішкі істер бөлімі жанындағы күзет бөлімінің бастығы болатын.

Әскери шені аға лейтенант, жасы елулерге жақындаған бурыл шашты, бір көрген адамға түсі суықтау көрінетін офицер еді. Ол кездерде милиция қызметіндегілер 50,55 тіпті 60 жасты толтырып барып зейнеткерлікке шығатын. Бұл кісі біздерге Ұлы Отан соғысына қатысқаны жайлы айта бермейтін-ді. Оны кейінірек білдік қой. Турасын айтқанда ағаның тірісінде бізбен бірге қызметтес болғанда қадірін біле бермеппіз ау-деп осы күні ойлаймын.

Ағамыздың өмірдерегін қыздарынан сұрағанымда әкеміз соғысқа да қатысқан Ұлы Отан соғысының ардагері дегенді.

Мен ойланып ол кісі 1925 жылы 14-ші мамырда дүниеге келген. Соғыс 1941 жылы басталды.

Сонда 18 жасында соғысқа қалай қатысты деп ойлағанмын.

Жақында Әбекеңнің қызы Хадиша бауырымыз екеуміз ол кісінің өмірбаянын іздестіруге кірістік. Облыстық полиция департаментінен, әскери комисариаттан сұрастырып еңбек кітапшасы мен әскери билетін, марапатталған куәліктерімен таныстым.

Әбдікемал аға 1925 жылдың 14-ші мамырында Қазалы ауданы, №6 Энгельс ауылдық советінде дүниеге келген. 1943 жылы Забайкальдегі №74 разъезіндегі 135 байланыс (учебный полк связи) оқу

полкінде қатардағы солдат болған.

1944-1948 жылдары Хингенсай кавалер дивизиясындағы 18-ші полкте барлау қызметінде және пулеметчик болыпты. Яғни, соғыс және одан кейінгі жылдары төрт жыл КСРО қарулы күштері сапында болып сержант шенімен қоса үш бірдей медальды омырауына тағып елге оралған екен. 1949-1952 жылдары мемлекеттік қауіпсіздік бөлімінде күзетшілік, 1952-1953 жылдары Қазалы темір жол милициясында бөлімше командирі, 1953-1956 жылдары осы бөлімшеде жас әспірімдер инспекторы, 1956-1960 жылдары уақытша ұстау абақтысының (КПЗ) бастығы, взвод командирі қызметтерін атқарған.

1960-1965 жылдары аудандық милиция бөлімінде оперативтік қызметті үйлестіру, атыс қаруларын қолдану, пайдалану жөніндегі аға инспекторы, 1973-1976 жылдары милиция күзетінің бастығы қызметін атқарып капитан шенімен отставкаға шыққан. Яғни, еңбек кітапшасындағы қызмет өтілі 26 жыл, 4 ай, 28 күн деп көрсетілген.

Әбдікемал ағамыз 1950 жылдың маусым айының 2-ші жұлдызында 18 жасар Тәжігүл Омарқызымен отау құрғаны жайлы неке куәлігінде көрсетілген. Ерлі-зайыпты екеуінен 9 бала, 31 немере, 67 шөбере өмірге келген. Әбдікемал аға 1984 жылы, әйелі Тәжігүл 2014 жылы бақилық болған. Тәжігүл апаның «Алтын алқа» таққан батыр ана атанғаны жайлы куәлігі бар. Ал Әбекеңнің әскерде және милицияда 33 жыл бойы пагон таққандар қатарында жүріп атқарған қызметтері де бағаланып отырғандығын құжаттарынан көруге болады.

Хадиша бауырымыздың көрсеткен құжаттарында ішкі істер қызметіндегі «Мінсіз қызметі үшін» III-II-I дәрежелі және еңбек ардагері медальдарымен марапатталған. КСРО қарулы күштерінің 40,50 жылдық мерекелік медальдарымен және әркездері партия, совет органдарымен ішкі істер министрлігінің құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен марапатталған. Бүгінгі күндері ағаның үлкейтілген суреті «Жеңіс» паркіндегі ардагерлер аллеясында ілулі тұр.

Әбекең қызмет бабында кабинетінде отырып ерекше сезіммен қолындағы қол сағатының тарихын айтып отырушы еді.

-1964 жылы болуы керек. Қазалы теміржол вокзалында демалысымда жай киіммен

серуендеп жүр едім. Бір әскери киім киген аға лейтенант перронда жүр екен. Маған оның жүріс тұрысы біртүрлі ұнамады.

Шашын тақырлап алдырған. Біресе екі қолын артына ұстап, біресе костюмының жан қалтасына салып олай-бұлай өзінше офицерге сай байсалдылық танытқысы келе ма қалай перонда жүр.

Әскери офицердің қимыл қозғалысына, жүріс тұрысы тіпті ұқсамайды.

Тура алдына қарап жүріп келе жатырғанымен екі көзін оңға солға аударып қарайды ма қалай.

Темір жол вокзалында Мүсірепов Сейітқұл және Қалдыбаев Алдаберген есімді екі сержант кезекшілікте отыр екен. Екеуіне перонда жүрген аға лейтенанттың формасындағы әскери адам маған сезікті көрінді. Менің жүрегім бірдеңені сезіп тұрғандай. Ішке шақырып алып құжаттарын тексерсек қайтесі, дедім. Олар әскери офицерде неміз бар, военный патруль емеспіз, милиционерміз ғой – деп жайбарақаттық танытты.

Перронды аралап келген Алдаберген сержант «Шынында да жаңағы сен айтқан әскери офицер біртүрлі екен. Тұсынан өтіп бара жатып әскери тәртіп бойынша честь беріп едім, оның қабылдау әрекеті мен көз қарасы маған да ұнамады.

Бірақ қалай тексеріп көрсек екен», - деп Сейітқұл екеуімізге қарады. Мен жай киімдемін ғой тағы бір байқап көрейін, - деп перронға шықтым.

Перронда жолаушылар қарасы көп. Әскери офицер көбірек ішіңкіреген болуы керек, қисалаңқырап туалетке қарай барады екен. Сержанттарға сыртымнан бақылаңдар дедім де оның ізінен ердім. Ол туалет ішінде түрегеліп тұрып дәрет сындырып тұр екен. Мен де дәрет сындыратын адамдай оның қатарына тұрдым. Ол сыртқа қарай беттеді. Сол кезде мен де артынан жайымен келдім де екі қолынан шап беріп артына қайырдым.

Сержант Алдаберген де жүріп келіп маған көмектесті. Бөлмеге әкеліп үсті басын тінттік.

Әскери етігінің екі қонышынан егеуден жасалған екі үлкен өткір пышақты алдық.

Ешқандай құжаттары болмай шықты. Бірден облысқа хабарладық. Облыстық ішкі істер басқармасының бастығының орынбасары, полковник жүйрік поезбен тездетіп УВД-ға жеткізіндер деген тапсырма берді.

Әлгінің екі қолына кісен салып сол күні «Москва-Алматы» жүйрік поезымен Алда-

берген екеуміз Қызылордаға жеткіздік.

Қызылорда темір жол вокзалынан арнаулы оперативтік қызметкерлер біздерді күтіп алды.

Бұл кім болды екен деп Қазалыға келген соң бір-бірімізге айтып та жүрдік. Ол әдепкі ұстаған кезімізде бізге жөнді жауап бермегенді. Үш-төрт күннен соң облыстағы басшымыздан оны ұстаған кімдер деген звонок түсті.

Қазалыдағы бастығымыз менімен сержант Алдаберген екеумізден оны қалай қолға түсіргеніміз жайлы рапортымызды жаздырып алып облысқа жолдады.

Әскери офицеріміз Саратовтың үлкен бір зонасынан қашып шыққан қауіпті қылмыскер болып шығыпты.

Маған және сержант Алдабергенге Қазақ ССР-і ішкі істер министрі атынан аты-жөніміз жазылған қол сағаттарды облысқа шақырып алып салтанатты түрде табыстады - деген еді ағамыз.

Біздерге Әбдікемал ағамыз әрдайым сақтықпен қырағылықты үйретуден, айтудан жалықпайтын. Әсіресе сезікті адамдардың жүріс-тұрыстарын қалай аңғару жағын көп айтатын.

Әбекеңнің Ленин көшесіндегі үйінің шарбағының төрінде ескі сарайы болыпты.

Оның ішіне көне заттар жиналған. Оған кіре де бермейміз.

-Бір күні балам Ерік пен оның үш қатарластары сарайға кіріп шығып жүргендерін байқадым. Жұпыны да іші лас сарайға бұлар не үшін кіріп шығып жүр, мүмкін темекі шегіп жүрген болар деп бір күні олар жоқта ішіне кірсем ескі заттардың тасасына бірнеше радиоприемник, сол кездегі екінің біріне бұйыра бермейтін транзистор тұр.

Тағы бірде бақылағанымда екі -үш кішкентай телевизор әкелініпті.

Бұлардың бәрінің де ұрлық заттар екенін сездім, және менің баламның да қатысы бар екенін білдім.

Бірден милиция бөліміндегі қылмысты істерді іздестіру бөлімінің бастығы Қазы Қазыбаевқа хабарласып осыны тексеруін талап еттім.

Ол бұған сіздің балаңыздың да қатысы бар сияқты ғой деген болжамын білдірді.

-Обалы жоқ ол баланың басына ұрлық жасайтындай не күн туып жүр. Қатысы болса аяма және менің кеуліме қарама, - дедім.

Олар келіп барлық заттарды әуелі суретке түсіріп алып кетті. Менің баламнан бастап бәрін милиция бөліміне апарып тергеу амалдарын жүргізді.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІҢ ТАРЛАНЫ БОЛАТЫН

Сөйтсек менің балама сенің папаң милиция ғой, сенің үйінді, шарбағыңды тексермейді деп үгіттеп ұрлаған заттарын біздің шарбақтағы ескі сарайға әкеліп бөлшектеп кейбіреулерін сатып, не басқа жерлерге пайдаланып жүрген телевизор, транзистор, радиоприемник ондайтын әрі ұрлықпен айналысып жүрген бозбалалар болып шықты.

Бұл жерде ағамыздың шыншыл өз қызметіне адал берілгендігін байқауға болады.

Тәжірибелі капитанның тәрбиесінен тәлім алғандардан Елеусізов Қаржаубайдың шені капитанға дейін көтеріліп Қазалы қаласындағы милиция бөлімшесінің бастығы,

тергеушілік қызметке дейін сержанттан көтерілді.

Милиция старшинасы Сәлімжан Айтжанов, Сағынған Жақыпов автоинспекция (ГАИ) саласында көп жылдар бойы жемісті еңбек етіп зейнеткерлікке абыроймен жетті, «КСРО милициясының үздігі», «Қоғамдық тәртіпті сақтаудың үздігі» белгілерімен, «Мінсіз қызметі үшін» III-II-I-дәрежелі медальдарын кеуделеріне таққандар қатарында.

Милицияның суарылған семсері атанған Бисенов Жұбатқан мен аға сержанттар: Әлиев Әлібек, Тәжібаев Жеңісбек, Тағыберген Өтемісов де Әбекеңнің тәлімді

тәрбиесін алғандарын мақтан тұтады.

Менің өзім де ағаның тәрбиесін алып сол кісіге ұқсап бағуға талпынғандардың бірімін деп айта аламын.

Әбекең қазақша да, орысша да сөйлеуге де, жазуға да өте сауатты болатын.

Ол кездері офицерлікшендер Москва арқылы берілетін және капитан деген шен екінің біріне бұйыра бермейтін. Бірінші басшының өзі майор шенін зорға алатын. Ал ұрпақтарына келсек, Алланың қалауымен Серік, Ерік есімді перзенттері бақилық болғандар қатарында. Хадиша есімді қызы медицина саласында көп жылдан бері жемісті еңбек етіп

келеді. Бірнеше жылдан бері әкесінің өмірдеректерін жинақтап жүрген де осы Хадиша бауырымыз. Патиха, Қарлыға, Алмас, Гүлнар, Роза, Перуза есімді ұрпақтары облысымыздың әр өңірінде ата анасының өмірін жалғастырып, ұрпақ өсіріп, жапырақтарын жайып отырғандар қатарында.

Ұлы Отан соғысы мен ішкі істер саласының ардагері, милиция капитаны Мусавев Әбдікемал ағамыз арына ешқандай дақ түсірмеген қоғамдық тәртіптің тарланы болатын.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі.
Әйтеке би кенті

САПАЛЫ ТАУАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Сатушы мен сатып алушы арасындағы қарым – қатынас дау – дамайға толы. Сатып алушылар мен сатушылар арасында әлі күнге дейін тауарды қайтару мен айырбастау мәселесі өзекті болып отыр. Тұтынушының құқығын түрлі жағдайда жан – жақты қорғауға бағытталған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңы әрекет еткенімен, сатушылар түрлі сылтауларды алға тартып, сатылған тауарды айырбастауға немесе ақшасын қайтаруға асықпайды. Шындығында сатып алушының нақты қандай құқықтары бар?

Көптеген сауда нүктелері «Тауар айырбастауға және қайтаруға жатпайды» деген ескертпе жазуды пайдаланады. Сатушылардың тауарды айырбастаудан немесе оның ақшасын қайтарудан бас тартуы заңды әрекет пе? Сөзсіз – жоқ. Тауардың дүкенде немесе базарда сатып алынғандығына қарамастан тұтынушылар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңымен берік қорғалғандығын естен шығармауы керек. Осы заңның негізінде сатушы сапалы немесе сапасыз тауарды айырбастауға болмаса ақшасын қайтаруға міндетті (Заңның 24 бабы, 5 тармақшасы).

Тұтынушылардың құқығы көп жағдайда тауарды айырбастау немесе қайтару кезінде бұзылып жатады, әсіресе сапасыз тауардан гөрі сапалы тауарды айырбастау мен қайтару қиынға соғады. Заңның 30 бабы 1-тармақшаларына сәйкес, сатып алушы сатып алынған азық-түлік емес сапалы тауарды көңілінен шықпайтын себептерге немесе қасиеттеріне байланысты осыған ұқсас басқа өлшемді, қалыпты, көлемді, пішінді, түсті тауарға 14 күнтізбелік күн ішінде айырбастауға құқылы. Бұл егер келісім бойынша бұдан ұзақ мерзім көрсетілмеген

жағдайда. Егер тауар (мысалы киім немесе аяқкиім) айырбастау кезінде сатылымда жоқ болып шықса, тұтынушы ондағы тауарлар ішінен сол қаржының көлеміндегі өзге тауарды алуға немесе ақшасын қайтарып алуға құқылы. Айырбастау мен қайтарудың бұлжымас заңы: сатылған тауар пайдаланылмауы тиіс, сыртқы түр әлпеті, тұтынуға жарамды қасиеттері, пломбасы, фабрикалық заңтанбасы сақталуы шарт, тауарды сол сатушыдан сатып алынғандығын растайтын құжаттардың болуы (кассалық немесе тауарлық түбіртек) және тауардың айырбастауға жатпайтын тауарлар қатарына енбеуі қажет.

Заңнама бойынша айырбастауға жатпайтын тауарлар:

- 1) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды;
- 2) іш киімді;
- 3) шұлық-ұйық бұйымдары;
- 4) жануарлар мен өсімдіктер;
- 5) метрлеп сатылатын тауарлар (талшықты маталардың барлық түрі, трикотажды және және перделік мата, жасанды тері, кілем бұйымдары, тоқыма емес маталар, ленталар, шілтерлер, кестелер, сымдар, баулар, кабельдер, линолеум, багет, пленка мен клеенка);
- 6) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы.

Сонымен қатар, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне, яғни e-tutynushy.kz сайтында ұялы телефон немесе компьютер арқылы әр тұрғын өзінің бұзылған құқықтары туралы мәлімдей алады және кәсіпкерлерге Smart QR қосылуға болады.

Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!

ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

СПОСОБЫ ЗАМЕНЫ КАЧЕСТВЕННОГО ТОВАРА

Отношения между продавцом и покупателем всегда вызвали много споров. До сих пор наиболее актуальными и среди покупателей, и среди продавцов являются проблемы, связанные с обменом и возвратом покупок. Несмотря на то, что действующий Закон РК «О защите прав потребителей» четко оговаривает права покупателей в различных ситуациях, многие продавцы не спешат обменивать проданный товар или возвращать за него деньги, аргументируя свой отказ множеством различных причин. Так на что же реально имеет право покупатель?

О том, что «товар возврату и обмену не подлежит», грозно предупреждают надписи во многих торговых точках. Является ли правомерным отказ их владельцев заменить проданное или вернуть его стоимость? Однозначно - нет. Независимо от того, где был приобретен товар, на рынке или в магазине, надо помнить, что потребители под надежной защитой Закона РК «О защите прав потребителей». На основании этого закона продавец обязан обеспечить обмен или возврат товара как надлежащего, так и ненадлежащего качества (пункт 5 статьи 24 Закона).

Самые распространенные случаи нарушений прав потребителей происходит в процессе возврата или обмена товара, причём сложнее вернуть или заменить качественный товар, чем некачественный. Согласно пункту 1 статьи 30 Закона, покупатель может обменять приобретенный непродовольственный товар надлежащего качества, но по каким-то причинам не удовлетворяющий его потребности или не обладающий необходимыми свойствами на аналогичный товар другого размера, формы, габарита, фасона, расцветки, комплектации в течение 14-ти календарных дней со дня приобретения товара. В том случае, если более длительной срок не установлен договором.

Если аналогичный товар (например, одежда или обувь) на момент обмена отсутствует в продаже, потребитель имеет полное право приобрести другие товары из имеющегося ассортимента с соответствующим перерасчётом стоимости, либо получить обратно стоимость товара или обменять его на аналогичный. Обязательные условия обмена или возврата: проданный товар не должен быть в употреблении, сохранены его внешний вид, потребительские свойства, пломбы, фабричные ярлыки, имеется документ, подтверждающий факт приобретения товара у конкретного продавца (кассовый или товарный чек), и товар не входит в перечень товаров, не подлежащих обмену. По законодательству исключения составляют

- 1) лекарственные средства, изделия медицинского назначения;
- 2) нательное бельё;
- 3) чулочно-носочные изделия;
- 4) животные и растения;
- 5) метражные товары, (ткани из волокон всех видов, трикотажное и гардинное полотно, искусственный мех, ковровые изделия, нетканые материалы, ленты, кружева, тесьма, провода, шнуры, кабели, линолеум, багет, плёнка, клеёнка).

6) абонентского устройства сотовой связи.

Также в единой информационной системе защиты прав потребителей e-tutynushy.kz, каждый гражданин может зарегистрироваться и сообщить о своих нарушенных правах с помощью мобильного телефона или компьютера, а также предприниматели могут подключиться с помощью Smart QR.

Отстаивайте свои права и будьте грамотным потребителем!

РГУ «Департамент торговли и защиты прав потребителей министерства торговли и интеграции РК по Кызылординской области

ӨЛЕҢСІЗ ӨМІР ЖОҚ МАҒАН

Мен жүректердің тереңінде
жатқан шоқ болам.

Үрлесек болды -
Лаулаған қызыл от болам.
Жанамын өзім
Себебі:
Махаббатсыз өмір,
өлеңсіз өмір жоқ маған -
деп, өзінің өмірінің арнасы
мен сезім сырларын, көңіл -
күй парақтарын жырларымен
үндестіре біліп, қалам тер-
беткен, көзі тірісінде лаулаған
қызыл от болып жана білген,
ақын Рүстем Ідірұлы Жанай -
тума талант, жан - жақты талант
иесі. Ол - ақын, жазушы, проза-
ик. Ол - драматург, сценарист.
Қажыр - қасиетін, адамдық бар
болмысын ғұмырында елі үшін
сарп еткен аяулы жан. Елінің
нағыз жанашыры, патриоты, на-
мысшыл азаматы, ата - бабалар
дәстүрін, ұлағатты істері мен
өсиеттерін қалың көпшілікке на-
сихаттауда үлес қоса білген аза-
мат. Сыр елінің елеулі, еңселі
азаматы.

Ақынмен бірге ұжымдас
болып, асыл қасиеттері:
шыншылдығы, зеректілігі, ақыл
- парасаты, көпшілдігі мен
мейірімділігінің күесі болдық.

Жүрек жылуының нұрын
жанына жақын жандардың
барлығына төге білген ерен
тұлғалы азамат, қиналғандарға
қол ұшын беріп, көмек
көрсетті. Үй жоқтарға үй алуға
көмектессе, қарттарға демей

болды. Имандылық жұмыстарын
назардан тыс қалдырмады.

Өнер адамдарының өмір жолы
қалың қатпарлы болып келеді.
Ақынның өмірге көзқарасын,
эстетикалық талғамын, мінез
- құлқын, жалпы азаматтық
және ақындық тұлғасы
шығармаларынан байқалады.

Ақынның өмірбаяны - оның
өлеңдері. «Өзім жайлы үзік сыр»
- атты өлеңінде:

Байлыққа, әсте, қызбаймын.
Қуанышым мұң, жүз қайғым.
Жағымпаз көрсем
Сұп - суық
Сіресіп қалған мұздаймын.
Үлкенді сыйлап - бас иіп,
Кішінің мінін жасырып,
Ағеден жаным,
Ақ көңілім

Жүреді күндей ашылып - деп
жырлаған ақынның осы өлең
жолдарынан мінез - құлқының
адамгершілік қасиеттерінің
бейнесін айқын көруге бола-
ды. Жалпы ақынның азаматтық
қасиеті оның шығармаларымен
үндесіп жатады.

Ақынның шығармашылығы
бала кезден бастау алған.
Алғашқы жинағы «Мәуелі ма-
хаббат» деген атпен 1974 жылы
жарық көрген. «Бақыт босағасы»
(1977), «Мезгіл мақамдары»
(1982), «Бір өзіңе» (1999),
«Сағынып кеттім мен сені»
(2004), «Әйелдердің жүрегімен
ойнама» (2006), «Жанайқай»,
«Өмір парақтары » атты жыр

жинақтары мен проза кітаптары
бар.

Ақынның жыр жинақтарында
жүрек тебіренісін, туған жер-
ге, елге деген сүйіспеншілігін,
елдегі абзал азаматтар жайлы
жан - сырын, уақыт, бақыт, ма-
хаббат сезімі толғаныстарын
сеземіз. Шығармаларында ай-
тар ойы сабырмен, салмақпен
жүйелі жеткізілген. Жыр
шумақтарында туған жерді
құрметтеуге негізделген ой
мақамдарын «Сәлемдесу»,
«Қырманға», «Миллиард» тағы
басқа өлеңдерінен аңғаруға бо-
лады.

«Қазақпыз - ұлы халықпыз»,
«Қазағым», «Желтоқсан желі»,
«Ең қиыны» өлеңдерінде
патриоттық сезім меназаматтық
әуен сезіледі. Оқырмандарын
ерлікке, бірлікке баулыған
«Қайсар бала» балладасы жа-
лынды жастар жетекшісі Ғани
Мұратбаевтың ұлы еңбегінің
арқауы болған оқиға арқылы ұлы
адамдардың өмірін үлгі етсе,
«Жанқожа батыр» екі бөлімдік
пьесасы ақынды бір қырынан
драматург ретінде танытады.

Ақынның «Өмір парақтары»
адам ретінде, азамат ретінде
қалыптасуға көмектесетін,
бауырмалдыққа, мейірімділікке,
өмірге құштарлыққа
тәрбиелейтін прозалық
шығармасы мен үшін бағалы
ой мақам, философиялық
толғаныс.

Құрметпен жиын тойға
барайық,

Қалжың айтып, қауқылдасып
тарайық.

Көңіліңді күптеп күміс
күлкімен,

Езуңді жидырмайтын Жа-
наев - деп ақын Жетіскен
Мәкеналиев жырлағандай,
Рүстем ағаның әзіл сүйер,
ақжарқын жүзді, сатираның сы-
рын меңгерген азамат болғанын
білеміз. Оның скетчері мен
интермедияларын «Тама-
ша» ойын - сауық отауының
ұйымдастырушылары қолданды.

Жақсылардың бойында бір
ерекше нұр, шұғылалы шуақ бо-
лады. Жанында жүрсең жарқын
сәулесі жүрегіңе еніп, жаныңды
жадыратады. Жұмсақ сөзі, жылы
мейірімі бойыңа қуат, кеудеңе
шуақ төгіп, таудай іске талап-
тандырып, қанағаттаттырып
жібергендей болады. Өнер
иесімен тілдескенде біз де осын-
дай сезімде болдық.

Ой иірімдерін түйіндей
келе, Рүстем Жанай ақындық
пен азаматтықтың бірлігін
үйлестіре білді. Оның тәрбие мен
білім саласындағы жүргізген
жұмыстары, арман - ой тілегі,
өмірге көзқарасы, оның жайсаң
мінезі білетіндердің есінде
мәңгілік сақталады.

Жәния ЫСМАҒҰЛ,
Қазалы аграрлы -
техникалық колледжінің
оқытушысы

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША АУЫЗ СУҒА ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазалы ауданы бойынша 2
өндірістік бөлімше «Нұра
топтық су құбыры» ШЖҚРМК
«Арал» салынып жатқан
кәсіпорындардың бірлескен ди-
рекциясы филиалына қарасты
«Арал-Сарыбұлақ» топтық
су құбырын» пайдаланушы
Қазалы өндірістік бөлімшесі
және «Байқожа топтық су
құбыры» өндірістік бөлімшесі
аудан көлемінде халықты таза
сапалы сумен қамтамасыз ету-
де.

«Арал-Сарыбұлақ топтық су
құбырын» пайдаланушы Қазалы
өндірістік бөлімшесінде 191
қызметкер, 17 дана техни-
ка, 23 насос стансасы, 2 дана
су қыспақты мұнарасы, 298
шақырым бас су құбырлары,
408 шақырым ішкі су тарату
және 462 шақырым сервистік су
желілері арқылы аудандағы
22 елді мекен бойынша 14987
үйде тұратын 74003 адамға,
105 бюджеттік және 349
шаруашылық қызмет жүргізетін
өзге де мекемелерге ауыз су
тарату қызметін көрсетеді.

Қазіргі уақытта ауыз сумен
жабдықтаушы Арал ауданының
жер асты су көзі «Қосаман» бас
тоғанынан «Арал-Сарыбұлақ»
топтық су құбыры» өндірістік
бөлімшесі арқылы тәулігіне
4500 текше метрге дейін ауыз
су қабылданып, оның 2800-
3000 текше метрі Әйтеке би
кентіне, Қазалы қаласына 350-
400 текше метр, ауылдық елді
мекендерге 400 текше метрге
дейін ауыз су тұтынушыларға
тәулік бойы қалыпты жағдайда
таратылады.

«Байқожа топтық су құбыры»
өндірістік бөлімшесіне қарасты
5 ұңғыма, 6 су тарату бекеті
(Ақкөк елді мекені, Байқожа
елді мекені, Майлыбас елді
мекені, Көбек елді мекені,
Әйтеке би кенті, Ақсуат елді
мекені) орналасқан.

Бас су құбыры- 91,598 шар-
шы метр және ішкі су құбыры
27,028 шаршы метр құрайды.
Көру құдықтарының саны 203
дана. Ішкі су құбыры бойын-
да 64 дана. Барлығы 467 тұрғын
үйде тұратын 2704 адамға, 17

бюджеттік мекеме және 33 өзге
де шаруашылық мекемеге ауыз
су тарату қызметін көрсетеді.
Су сақтау қоймасының
сыйымдылығы-5600 текше
метр. Су қыспақты мұнара
сыйымдылығы- 50 текше метр.

Ауыз судың сапасын
анықтау, сонымен қатар адам
организміне зиянын бол-
дырмау мақсатында Қазалы
аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасы нормативтік
құжаттарды басшылыққа
ала отырып, жұмыс істейді.
Санитариялық-эпидемиологи-
ялық мониторингті
жүргізу қағидаларын бекіту ту-
ралы» Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 13 қарашадағы
№ҚР ДСМ-193/2020
бұйрығына сәйкес, ҚР ДСМ
СЭБК «Ұлттық сараптама
орталығы» «Қызылорда облы-
сы бойынша Қазалы аудандық
бөлімшесімен, басқарма ма-
мандарымен аудандағы ауыз
судың сапасына мониторинг

жүргізіліп, микробиологиялық
және санитарлық-химиялық
зерттеуге ауыз су сынама-
лары ай сайын жоспарға
сәйкес алынуда. Нәтижесінде
сәйкессіздік анықталған жоқ.
Басқарма тарапынан ауданды
сапалы сумен қамтамасыз ету
және де жұқпалы аурулардың
алдын алу мақсатында ай сай-
ын судың сапасына монито-
ринг жүргізу жалғастырылуда.

Айшолпан АИТЖАН,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының
бас маманы

ІСКЕ АСПАСЫН

Қазалы ауданы, Әйтеке
би кенті, М.Шоқай көшесі,
№18 үйде орналасқан
«Қызылорда Бах-Нұр
строй ЛТД» ЖШС-нің мөрі
жоғалуына байланысты іске
аспасын.

Әміржан САМАЛБЕК

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью-
термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-
38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама
беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.